



2-бет



3-бет



Аудан ТЫНЫСЫ

№ 36 (545) СЕЙСЕНБІ, 28 сәуір 2015 жыл

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ЕЛБАСЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXII СЕССИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ



Мемлекет басшысы, Қазақстан халқы ассамблеясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Бейбітшілік және келісім сарайында өткен сессия «Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр» тақырыбына арналды.

Сессия жұмысына 1500-ден аса адам қатысты, олардың қатарында ассамблеяның барлық өңірлердегі мүшелері мен ардагерлері, республикалық және өңірлік этномәдени бірлестіктердің төрағалары, Парламент депутаттары, орталық атқарушы органдардың, саяси партиялардың, діни бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, шетел мемлекеттерінің дипломатиялық миссияларының басшылары, жоғары оқу орындарының ректорлары, ғылыми және шығармашылық зиялық қауым және БАҚ өкілдері бар.

Мемлекет басшысы сессияға қатысушыларды Ассамблеяның 20 жылдығымен құттықтап, бұл мекеме ел үшін күрделі кезеңде құрылғанын айтты.

– Біз республиканың тағдырын өз қолымызға алдық. Сөйтіп, бүгінде бүкіл әлемге беделді мемлекет қалыптастырдық. Біз мұны өзіміздің бақытымыз үшін және қазіргі, сондай-ақ келешек ұрпақтың игілігі үшін жүзеге асырдық, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан аумағында бүкіл XX ғасыр бойы көпэтникалық халықты қалыптастырған күрделі үдеріс жүргенін, соның нәтижесінде елімізге 5,6 миллион адам қоныстандырылғанын атап өтті.

Қазақстан Президенті «Стратегия – 2050», жаңа индустрияландыру, «Нұрлы жол» бағдарламасы, бес халықтық реформа, «Мәңгілік ел» сынды барлық бастамалар алдағы көптеген жылдарға есептелгеніне, оларды тек бүкіл халықтың пәрменді қуат-күші арқылы жүзеге асыруға болатынына назар аударды.

– Бұған болашағы ортақ ұлт қана қабілетті. Біз халық бірлігінің бірегей әрі бұған дейін еш жерде қайталанбаған үлгісін қалыптастырудамыз. Бізді, біріншіден, ортақ үйіміз – Қазақстанға деген сүйіспеншілік біріктіреді. Екінші, біздің ежелгі жеріміздің тарихына және тілдерді дамытуға қатысты қоғамдық келісім.

(жалғасы келесі нөмірде)
Ақорда

САЙЛАУ - 2015 ЕЛБАСЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА РИЗАШЫЛЫҒЫН БІЛДІРДІ

Елбасы Қазақстан Республикасы Президентін сайлау нәтижелері бойынша экзит-полл қорытындысын жариялау рәсіміне қатысты деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Іс-шара барысында экзит-полл нәтижелері жарияланған жаңалықтар шығарылымы көрсетілді. Оның қорытындысына сәйкес, президенттік сайлауда Нұрсұлтан Назарбаев ең көп дауыс жинады.

Жиналғандарға арнаған сөзінде Қазақстан Президенті бүкіл Қазақстан халқына ризашылығын білдірді.

– Мен әрбір азаматқа, әрбір отбасыға маған ел дамуындағы бүкіл Тәуелсіздік жылдары бойы сенім артқаны және осы жолғы сайлауда қолдағаны үшін ризамын. Кезектен тыс президенттік сайлау өткізу идеясы Қазақстан халқы Ассамблеясына тиесілі. Бұл шешімді қазақстандықтар қолдады. Менің кандидатурамды ұсынғаны үшін «Нұр Отан» партиясына рахмет айтып келеді, партия мүшелері жергілікті жерлерде белсене жұмыс жүргізді. Сондай-ақ Республикалық қоғамдық штабқа да ризамын. Оның өкілдері бүкіл республиканы аралады, халықпен кездесіп, елде жүргізіліп жатқан саясатты түсіндірді. Барлық сенімді өкілдер мен белсенділерге алғыс айтамын, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев атқарылып жатқан жұмыстарды республика азаматтарының тағы да қолдағанын атап өтті.

– Осындай жалпыға ортақ сенім болмаса, алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру қиын болар еді. Сайлауға рекордтық қатысу көрсеткіші қазақстандықтардың бірлігін, тұрақты мемлекетте өмір сүруге деген құлшынысын, сондай-ақ мен ұсынған бағдарламаларды қолдауын көрсетті. Осының бәрі Отанымыздың болашағы мен өркендеуі үшін еселенген күш-қуатпен жұмыс істеуді міндеттейді, – деді Қазақстан Президенті. Мемлекет басшысы қазақстандықтардың тұтастығын, дамуға және болашақ ұрпақ үшін биік мақсаттарға бірлесіп жетуге деген талпынысын көрсеткен сайлаудың тарихи мәніне назар аударды.

– Сайлау барысында заңнама талабы толық сақталды. Сайлауды байқауға көптеген шетелдік байқаушылар мен журналистер келді. Қазақстан әлемдік қоғамдастыққа биік саяси мәдениет пен демократия қағидаттарын паш етті, сол арқылы өз деңгейін әлем алдында тағы бір сатыға көтерді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

САЙЛАУҒА БІР КІСІДЕЙ ҚАТЫСТЫ

Еліміздің көптен күткен маңызды сәті де келіп жетті. 26 сәуір Қазақстан Республикасының кезектен тыс Президент сайлауы еліміздің барлық сайлау учаскелерінде ҚР Әнұранымен бір уақытта таңғы сағат 7. 00 –де салтанатты ашылу рәсімі болып өтті. Салтанатты ашылу рәсіміне Бородулиха ауданының сайлау учаскелеріне өз дауысын беруге келген аудан жұртшылығы таңатпай жинала бастады. Аудан орталығындағы мәдениет үйінде орналасқан сайлау учаскесіне, Абай мектебі мен Н. Островский атындағы мектептерде орналасқан учаскелерге келген тұрғындар Қазақстанның болашағы үшін өздерінің азаматтық борышын өтеуге аса бір ерекше жауапкершілікпен, ынтамен жиналып таңдауларын жасады.

(жалғасы 2-ші бетте)



Сайлау - 2015

Халықаралық бақылаушылар: ТМД елдерінің ішінен Қазақстанда сайлау институты анағұрлым жақсы дамыды

Ресей Федерациясынан халықаралық бақылаушылар - Ресей Теннис федерациясының президенті, Халықаралық Олимпиада комитетінің мүшесі Шамиль Тарпищев және «МУЗ-ТВ» телеарнасының бас директоры Арман Дәулетияров Халықаралық бақылаушыларға арналған ақпараттық орталықта өткен баспасөз конференциясында Қазақстан Республикасы Президентінің сайлау туралы айтып берді.

Шамиль Тарпищев тоғыз сайлау пункттеріне барып қайтқанын хабарлады. «Сайлау учаскелеріндегі ахуал өте жақсы, көп адам дауыс беруге келіп жатыр. Бұл халық өз елінің болашағына енжар қарамайтындығын көрсетеді. Сайлау рәсімдеріне қатысты айтарым – барлығы ашық және бұзушылықсыз өтіп жатыр», - деп атап өтті Тарпищев мырза.

Оның айтуынша, ол бұрынғы КСРО-ң көптеген елдерінде сайлау үдерістерінің куәсі болды және дәл Қазақстанда сайлау институты анағұрлым жақсы дамыған.

Өз кезегінде, Арман Дәулетияров дауыс беру рәсімдерін ұйымдастырудың жоғары деңгейін атап өтті. «Сайлау өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған және халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Ауа-райы желді болғанымен, азаннан бастап сайлау учаскелерінде кезектер болды, бірақ сайлаудың жақсы ұйымдастырылғандығының арқасында сайлаушыларда еш қиындықтар туындаған жоқ», - деп атап өтті Дәулетияров мырза.

САЙЛАУҒА БІР КІСІДЕЙ ҚАТЫСТЫ




(Басы 1-ші бетте)

Олардың ішінде барлық аудан тұрғындарының қарттары мен жастары, тыл еңбеккерлері мен

қызметкерлер, басшылар, орта буын өкілдері кейбіреулері немере-шөберелерімен бір жанұядан 5-6 кісіден келіп өз дауыстарын берді. Соның ішінде биыл сайлауға алғаш өз дауысын беруге келген жастарды атап өтсек: Елдос Байғаринов, Диана Макажанова, кәмелеттік жасқа енді толған ауданымыздың маңдай алды боксшысы, Президенттік гранттың иегері, ҚР спорт шеберлігіне үміткер Қанапиянов Арналдар алғаш дауыс беруге келіпті. Жалынды жастар өздерінің сайлауға деген ерекше құлшыныстарын жасыра алған жоқ. Әрине біздің дауысымыз маңызды, болашақ жастардікі демекші, егеменді еліміздің жарқын болашағы үшін жастар өз таңдауларын жасайтынын айтты. Толассыз ерекше көңіл-күймен келіп жатқандардың ішінде бірнеше жандармен сұхбаттасып үлгердік. Қол ұстасып келіп жатқан тыл ардагерлері Шувалов, Боровиков, Оразаевтар отбасы, Жумагулов Кенжебек пен Нұрмадиева Кулсағат апайлар, Нұғыманов Ерғанат пен Азымханова Аиния апайлар (Күміс

екенін бәрімізде білеміз, соған орай елім үшін, халқым үшін сайлауға келіп өз дауысымды бердім деп ағынан жарылды. Сайлауға бәрімізде атсалысып, бір кісідей дауыс беруіміз керектігі барлығымыз үшін де өте жауапты екенін білеміз. Осы сайлауға келген ауданымыздың айтулы азаматтарының бірі, «Е.Зайтенов» ШҚ басшысы, облыстық мәслихаттың депутаты Е.Зайтеновтан сайлауға деген ізгі-тілегін сұрағанда, - Еліміздің ең маңызды сәтінде азаматтық борышын өтеп, Қазақстанның болашағы үшін, еліміздің гүлденуі үшін дауыс беруге келгенін жеткізді. Одан кейін келген Бородулиха ауданының әкімі Григорий Акулов ҚР Президенті сайлауына қатысып, аудандық мәдениет үйіндегі №377 учаскесінде өзі қалаған кандидатқа дауыс берді. Сайлау учаскесінде дауыс берушілердің алдыңғы легінде болған ау-



дан басшысы журналистер сұрағына жауап берді. - Біз үшін Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуі ең маңызды мәселе. Жылдан-жылға өркендеп келе жатқан еліміздің ертеңгі дамуын қамтамасыз ете алатын кандидатқа дауыс бердім, ол менің азаматтық парызым, - деп аудан әкімі өз ойымен бөлісті. Алғаш болып келгендердің ішінде Иощенколар отбасыда бар. Олардың ішінде атасы, әжесі, баласы жұбайымен, немереқызы жұбайымен шөберелерімен бірге келді. Тыл еңбеккерлері Анатолий жұбайы Валенти-намен өмір бойы Бородулиха ауданында туып-өскен осы жердің байырғы тұрғындары. Үш баласынан 6 немере, 4 шөбере сүйіп отырған бақытты отбасылардың бірі. Өмір бойы орталықтағы қазіргі «Е.Зайтенов» ШҚ (бұрынғы колхоз «Асыл») 43 жылдай еңбек еткен, балалары да осы ұжымда жемісті еңбек етіп жүр. Сайлауға жауып тұрған ақ жаңбырға да қарамай аудан жұртшылығы ағылып, барлығы да бір кісідей өздерінің дауыстары маңызды екенін біліп, еліміздің болашағы үшін жиналған қауым өздерінің таңдаған ел көшбасшысына дауыстарын беріп жатты. Ең алғашқы дауыс беруге келген тұрғындарға сыйлықтар ұсынылды.

М.АТАЕВА



алқа иегері) бала шағаларымен келіп, өз ойларымен бөлісіп, елбасына дауыс беретіндіктерін жеткізді. Келесі сұхбатымызда аудандық «Қарбай» атындағы мешітінің бас имамы Ә.Акимбатчаев өзіміздің еліміздің аса бір маңызды науқаны

БІРЛІК ТҮБІ БЕРЕКЕ

Сәуір айының 26 жұлдызы күні, таңғы сағат жетіден Переменовка округінің № 400, 401, 402 сайлау учаскелері өз жұмысын қызу бастап кетті.

Ауылымыздың тұрғындары, ардагерлері, зейнеткерлері,



жастары дауыс беруге барлық жиналған қауым көтеріңкі көңілмен, жылы лебізбен амандықтарын білдіріп, қауышып, кездесіп жатты.

Мемлекет алдындағы айрықша міндетті бұзылмайтын бірлігімізбен, ыдырамайтын ынтымағымызбен, ерінбейтін еңбекқорлығымызбен еңсеруіміз керек, деп жиналған сайлаушылар белсене атсалысты.

Қоныров Қайрат Есімханұлы алғашқы әскери дайындық пәнінің ұйымдастырушысы, әскери патриоттық тәрбиешісі: «Нұрсұлтан Назарбаевтың білім мен ғылымға көп көңіл бөлуі, қала мен ауылдың экономикасын өркендетіп жатқан тәуелсіздік толқыны өрелі жастардың өнегелі істерінде таңбалануда. Мен дауысымды Н.Назарбаевқа беремін» деп өз жылы лебізін білдірді.

Жасболатова Маржан Жасболатқызы-бастауыш сынып мұғалімі: «Бүкіл еліміздің бақуаттылығының, әлеуметтік әлеуетінің өзге елдерден оқ бойы озық тұруы Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы ұстанған ақ жолдың ақиқаттығы бүкіл әлемге аян, сондықтан дауысымды елбасыма бердім» деп өз ойын ортаға салды.

Елбасымыздың «Мәңгілік ел» туралы мақсаты біздің көз алдымызда жүзеге асып жатыр, қашанда Қазақстан азаматтарының мүдделерін жоғары қойғаны, барша қазақстандықтарға жасап отырған шынайы қамқорлығы.

Біздің Президент өз халқының қалтқысыз сенімі мен зор қолдауына ие. Оның саясаты бүкіл қоғамның көкейдегісін дөп басып, көңілінен шығып отыр. Елбасы ретінде оның алға қойған мақсаттары елімізді өркениет биігіне бастап келеді!

ҮМІТХАНЫМ ТҰРЛҰБЕКОВА,
Переменовка ауылдық округінің
Әйелдер кеңесінің төрағасы

«ШЫҒЫСЭНЕРГОТРЕЙД» ЖШС ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙДЫ



Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығы құрметіне «Шығысэнерготрейд» ЖШС және AES компаниясы ШҚО-

да тұратын және «Шығыс-энерготрейд» ЖШС абоненттері болып табылатын

ардагерлерге 2015 жылдың екінші тоқсаны ішінде электр энергиясының

600 кВт*сағ төлеу бойынша дәстүрлі акциясын өткізеді. AES компаниясы ШҚО аумағында

тұратын және «Шығысэнерготрейд» ЖШС-нің абоненттері болып табылатын Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, блокадалық Ленинградтың бұрынғы тұрғындарына, концлагерлердің тұтқындарына, Ұлы Отан Соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлеріне 600 кВт*сағаттан төлеп береді.

Акция үш ай бойы өткізіледі (сәуір, мамыр, маусым), тұтынушылардың жеке шоттарына 600 кВт*сағ баламалы (айына 200 кВт*сағаттан) ақшалай қаражат аударылады.

Акцияның шарттары бойынша, ақша соғыс ардагерлерінің барлығына, бөлек немесе туыстарымен тұратындарына қарамастан, аударылады.

Егер Сіз таныстарыңыз немесе туыстарыңыз акция шарттарына іліккенін білсеңіз, қамқорлық көрсетіңіз және «Шығысэнерготрейд» ЖШС Байланыс-орталығына қоңырау шалып, тізімге енулерін қадағалаңыз.

Қоғам келбеті

АРДАГЕРЛЕРІМІЗГЕ БАСЫМЫЗДЫ ИЕМІЗ



1941 жылдың маусымының жексенбілік күнінде миллиондаған адам өміріне балта шапқан, ең суық, сұрапыл - Ұлы Отан соғысы басталды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында қаншама азаматтарымыз ажал

құшты. Бұл қатыгез соғыс әр кеңес за-

манында өмір сүрген адамға қатысты болды, қазіргі таңның өзінде де әр жанұяның өз батырлары туралы тарихы бар, олар соғыстан қайтып оралып соғыс туралы

айтып бергендер, қаза болғандар, хабарсыз кеткендер, тылда еңбек еткендердің арқасында Жеңіске жеткендер...

9 мамыр – Жеңіс Күні – бұрыңғы кеңестік республикасы және көптеген Еуропа елдерінде атаулы мерекенің бірі. Соңғы жылдары барлық жерлерде еріктілермен георгиевские ленталары таратылады, ондай ленталарды тек қана ардагерлер тақпайды, қазіргінің жастары да Ұлы Жеңістің символы ретінде байлап тағып жүреді. Сонымен қоса бұл атаулы күнде Ұлы Отан соғысының батырларына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қояды, ардагерлер мен тылда еңбек еткендер арасында әр түрлі іс-шаралар өткізіліп, мерекелік концерт ұйымдастырылады, оқу мекемелерінде ерлік сабақтары өткізіледі және де т.б. келер ұрпаққа үлгі көрсетер өнегелі істер атқырылады.

9 мамыр – «көзге жас алатын» мереке. Расыменде соғыстан қайтып оралмаған адамдарды еске алсақ еріксіз көзге жас келеді, өскелең ұрпаққа бейбітшіліктің туының желбірегеніне де көзімізге қуаныштың жасы уйіріледі. Ардагерлерімізге басымызды иеміз, олар – еліміздің, халқымыздың ұлы тарихы.

Бүгін біз осындай мәртебесі жоғары, болашаққа бейбітшілік туын ұстатқан, ұрпақ қамын ойлаған ардагерлерімізбен бір кентте тұрып жатқанымызды мақтан етеміз. Кентімізде бізді осы бейбіт күнге жеткізген, соғыстың отын көзімен көріп келген ардагер – Рябов Иван Васильевич тұрады. Жезкент кентінің тұрғыны И.Рябов 1927 жылдың 10 сәуірінде Алтай өлкесі ауданы Вострово Волчихинский ауылында дүниеге келген.

1944 жылы 17 жасында Иван Васильевич Отанымызды қорғауға Совет әскерінің қатарына шақырылды. Волочиха ауылының пунктіне шақырылған Иван Васильевич Рябов фронтқа жіберілді, Қызылдар әскеріне қарсы шабуылға шығуға дайындады. Одан басқа біздің жерлесіміз 5 әскери-теңіз құрамында Тиханский флотында Қиыр Шығыс аумағын қорғап, 430-шы жеке ботольонда аға матрос атағымен ұрысқа түскен.

Соғыс біткеннен соң Иван Васильевич бес жыл туған өлкесі Алтайда «Заря Мира» колхозында жұмыс істеді.

1951 ж. 1977 жылд аралығында Иван Васильевич Горняк қаласындағы Алтайлық КБК еңбек етті, сол жерден зейнеткерлікке шықты.

Еңбегі сіңген еңбекқор, елу жасар матрос И.Рябов Зейнеткерлікке шыққан соң да мамандық шеберлігімен бөліскісі кеп 1981 жылдан бастап Жезкент кен- байыту конбинатында тағыда 10 жыл жарылғыш заттар қоймасының меңгерушісі болып еңбек етті.

Бірнеше әскери мақтау қағаздары ғана емес, сонымен қоса: «Германияны жеңгені үшін», «Японианы жеңгені үшін», «II дәрежелі Отандық соғыс Ордени» және т.б. медальдармен марапатталған. Өз Отанына адал қызмет атқарғаны үшін «Еңбек ардагері» атағын алған.

2015 жылы Ұлы Жеңіске 70 жыл толуына орай Рябов Иван Васильевичке Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жарлығымен «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына арналған» мерейтойлық медаль табыс етілді.

Қадірлі де құрметті асқар таудай әке, ақыл қосар ата, еліміздің батыр азаматы – Иван Васильевич Рябов таяуда өзінің 88 жасын тойлап өтті. Шын жүректен біздің ардагерімізге алғысымызды білдіреміз, ардагерімізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, жанұя татулығын, жақсылық және ең бастысы – аспаныңыздың ашық болуын тілейміз.

**А.ТЮЛЕНЕВА,
С.ДАУРЕНБЕКОВА,
Жезкент кенті**

БІР ҮЗІК ОЙ

жасамауына кім кепілдік бере алады? Сонда кеудені менменшілдік басып кеткен бе? Жүз жасаған данышпандай керенау керіліп кететіндері несі? Үндемеген – білмеген емес. Бірақ маған десе аспаннан Ай құлап кетсін, кеудесіне нан піскен адам ешқашан «Кешір» деп айтпайды.

Өзімізше көрегенсіп, білгішсініп сөйлегеніміздің керемет санап қалады екенбіз-ау... Өкінішті, адамдар туралы басқа ойда болып, бір мезетте оның жалғандығына көз жеткізу, өкінішті. Үлгі тұтар адамынның көк тиындық құнының жоқ болғанын түсіну, өкінішті.

Жасандылық...Жасанды намыс, керегі не, керегі қанша?! Мен түсіне алмадым. Адамның құбылуы тез екен-ау.

Міне, дала табиғаты бусанып, шуақты тағы бір көктеміміз де келіп жетті. Пақырлықтан, оны күнделікті өмірде көруден шаршаған мына біздер әлі де болса бір кереметті күтетіндейміз. Әйтеуір бір керемет.

Мүмкін ол адамдардың бір-біріне деген адалдығы, шынайлығы. Мүмкін ол ішкі арпалыстардың бір шешімге келуі. Мүмкін ол...

Біз пендеміз! Пендешілік жасау бізге негізделгендей. Әйтсе де, «қателіктің ең үлкені – осыған дейін істеген қателіктерді түзеуге тырыспау» емес пе?

Жақсылыққа бет бұру – бұл кішірею емес екені даусыз. Қашанда біреудің алдында асқақ болып көріну барып тұрған ақылсыздық, ақымақтық. Біреудің жанын қасақана жаралау қылмыс емес пе? Бірақ, жасалған қандай қылмыс болса да әр соты алдында таразыға тартылатыны сөзсіз ғой.

Оқырман қауым, біз көкірегі ояу, көзі ашық адамдармыз ғой. Дегенмен бәрін біліп, сезе тұра осы жағдайларға неліктен жол береді екенбіз? Міне, тағы да НЕЛІКТЕН деген бір сұрақ. Меніңше жауапты бірінші өз бойымыздан іздеген дұрыс. Сонда ғана адам, адамына қарай қоғам да түзеледі.

**Д.АХМЕТОВА,
Переменовка ОМ**

«АЙНАЛАЙЫН» ФЕСТИВАЛІ АУДАНДЫҚ БАЛАБАҚШАДА



марапатталды. Балабақшаның жас өнерпаздарына және олардың ұстаздарына үлкен шығармашылық

табыс тілейміз.

**«Шығармашылық үйі»
КМҚК әкімшілігі**

ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ ҰЙЫМДАРДАН САҚТАНАЙЫҚ!

Дін мәселелері бойынша аудандық ақпараттық-насихат топтың жұмыс жоспарына сәйкес кезекті дәріс жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелер бөлімінің ғимаратындағы акт залында жұмыспен қамту орталығы, арнаулы әлеуметтік көмек бөлімі, халыққа қызмет көрсету орталығы, әділет басқармасы, мемлекеттік мұрағат, АХАТ бөлімінің қызметкерлеріне оқылды. Топ мүшелері аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Медет Жайдарбеков пен аудандық «Қарбай» мешітінің бас имамы Әріпжан Қожанұлы Әкімбатчаев қатысушыларға жат ағымдардан келетін зиян,



олардың негізгі мақсаттары, ислам атын жамылған радикалдық топтардың, экстремистік ұйымдардың хақ діннен алшақтығы туралы, асыл дініміздің құндылықтары мен негізгі талаптары туралы айтып өтті.

Деструктивті (бүлдіргіш) немесе жалған діни ұйым дегеніміз – адамдар мен азаматтардың заңмен қорғалған құқықтары мен бостандықтарына қауіп төндіретін, тұлғаның рухани, психикалық және денсаулығын әлсіретуге немесе бұзуға бағытталған іс-әрекеттерге бағытталған қызметпен айналысатын, күш қолдануға, шектен шығуға, дінаралық және ұлтаралық алауыздыққа шақырып, азаматтық борышты өтеуден, отбасылық құндылықтар мен міндеттерді және қоғамдық тәртіп нормалары мен адамгершіліктен бас тартуға үгіттейтін қызметпен айналысатын ұйымдар екендігі туралы хабардар етті. Кейбір дәстүрлі емес діни бірлестіктердің негізгі мақсаттары қаржы пирамидасы екендігі, тұлғаның материалдық құндылықтары мен қаражаттарын жеңіл жолмен иемдену екендігін айтып өтті. Бас имам өз кезегінде қазіргі таңда әлемде белең алып бара жатқан ислам атын жамылып, хақ діннің атына кір келтіріп саяси лас істермен айналысып жүрген экстремистік, террористік ұйымдардың қызметінің біз ұстанатын хақ жолдан ада екендігін айтып өтті. Террорист мұсылман емес, мұсылман террорист емес дегенді қадап айтып өтті. Террорлық актілер жасап, дінде тыйым салынған өзін-өзі жару, жазықсыз жандарды өлтіру сияқты іс-әрекеттерге барып жүрген радикалдық топтардың істерін сынға ала отырып, террористтің діни болмайтындығын жеткізді. Салафизм, ваххабизм, таблиғи жамағат сияқты іріткі салушы, исламда тура жолдан адасып, елді соңына ерітпек болып жүрген бағыттардың қазақ жерінде әлімсақтан үстемдік етіп, бабалар ұстанып, мұра етіп қалтырған ханафи мазхабының ұстанымдарына қайшы екендігін де айта кетті. Дін дәстүрмен ұштасып, шариғатпен бекіп келген халықтың қанына сіңіп, санасына қонған біздің бағыт-зайырлы мемлекеттің ата заңымен де құпталып, қошталып келеді. Ата діннен бөлініп шығып, арабтың, пәкістанның ұлттық киімдерін дінге теліп, қазаққа міндеткі еткілері келген, табиғаттың, ауа райының ерекшелігіне қарай, сондай-ақ Ислам дініндегі басқа үш бағыт, мәлики, шафиғи, ханбали мазхабтарының ұстаным, ерекшеліктеріне, бұйрықтарына қарай шешілген киім үлгілерін бізге тықпалау – қателік. Дініміз бен дәстүрімізді құрметтеп, тең ұстап, тең насихаттасақ, адал қызмет етіп, жүректің кірін, намаздың нұрымен жуып, халық игілігі, елдің ертеңі үшін салихалы іс қылсақ қана ертеңі еңселі, келешегі кемел елге айналарымыз анық екендігін баршаға шын ықыласымен жеткізді.

Сөз соңында діни бірлестіктердің, мейлі ол дәстүрлі болсын, мейлі тіркелген басқа да діни ұйымдар болсын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, діни ұстаным еркіндіктерін ескере отырып, көшелерде, үйлерді аралап немесе мекемелерге кіріп үгіт-насихат, дағуат айтып, дінге шақыруға құқықтары жоқ екендігін, діни уағыз, насихат тек мешіттер мен шіркеулерде, діни ғимараттарда жүргізілетіндігін ескертіп өтті. Заң бұқушылықтарына жол берілгендігіне куәгер болып жатса құқық қорғау органдарына, ішкі саясат бөлімінің сенім телефондарына хабардар етуге шақырды. Бұл азаматтық парыз. Заң баршаға ортақ. Ата заңымызда көрсетілгендей біз зайырлы мемлекетпіз. Біздің бостандықтарымыз бен құқықтарымыз мемлекетпен қорғалған. Ал дін – ол әркімнің жүрек қалауы, ішкі жан дүниесінің таңдауы. Хақ дінде зорлық жоқ. Діни сауаттылықты арттыру ол тек өзіңнің ғана емес, жақындарыңның да, туыстарыңның да қауіпсіздігінің кепілі. Ақиқатты іздесең шынайы дінді түсінікті етіп жеткізетін мешіттер мен шіркеулерге бару қажет. Жат ағымдардың арбауынан абай болайық, ағайын!

М.ТҮЙЛЕБАЕВА

ТАЗАЛЫҚ ИМАННЫҢ ЖАРТЫСЫ

Ислам дініміз тазалықты алға қойған. Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.у. «Тазалық – имандылықтың жартысы» - деген хадисі бар. Тәніміз, жанымыз, үйіміз ғана таза болып қоймай, қабірстандар да таза болуы керек. Біздің дана халқымыз марқұмдарды құрметтеп қабірлерін қоршап, тал егіп, құран бағыштап келген. 2015 жылы 10 мамырда Бородулиха ауданы бойынша Дербісанә күні, яғни зираттарды тазалау күні өткізіледі. Баршаңызды осы сауапты іске шақырамыз.

Ә. ҚОЖАНҰЛЫ, Бородулиха ауданының бас имамы

Қаулы жобасы ШҚО Бородулиха ауданы аумағында егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімін белгілеу туралы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағына, «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Бородулиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ: 1.Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2015 жылға арналған

өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша табиғи климаттық аймақтардың бөлінісінде аудан аумағында егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімі белгіленсін. 2.«ШҚО Бородулиха ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын. 3.Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Нұрғожинға жүктелсін. 4.Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Г. АКУЛОВ,

Бородулиха ауданының әкімі

Бородулиха ауданы әкімдігінің қаулысына қосымша

№ р/н	Өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері	Оңтайлы мерзімдер	
		басталуы	аяқталуы
Бель-Ағаш кіші аймақшасы			
	Жаздық бидай	01 мамыр	20 мамыр
	Арпа	01 мамыр	20 мамыр
	Сұлы	01 мамыр	25 мамыр
	Қарақұмық	20 мамыр	10 маусым
	Асбұршақ	01 мамыр	10 мамыр
	Күнбағыс	01 мамыр	25 мамыр
	Жаздық рапс	01 мамыр	15 мамыр
	Қытайбұршақ	10 мамыр	25 мамыр
	Сүрлемдік жүгерісі	10 мамыр	20 мамыр
	Дәндік жүгерісі	15 мамыр	25 мамыр
	Зығыр зәйтүнi	10 мамыр	20 мамыр
	Судан шөбі	10 мамыр	15 мамыр
	Картоп	01 мамыр	15 мамыр
	Күздік бидай	15 тамыз	25 қыркүйек
	Күздік қарабидай	15 тамыз	25 қыркүйек
	Күздік рапс	15 тамыз	25 қыркүйек
Новошұльба кіші аймақшасы			
	Жаздық бидай	05 мамыр	25 мамыр
	Арпа	05 мамыр	25 мамыр
	Сұлы	05 мамыр	25 мамыр
	Қарақұмық	25 мамыр	15 маусым
	Асбұршақ	05 мамыр	15 мамыр
	Күнбағыс	01 мамыр	25 мамыр
	Жаздық рапс	01	15 мамыр
	Қытайбұршақ	15 мамыр	01 маусым
	Сүрлемдік жүгерісі	15 мамыр	25 мамыр
	Дәндік жүгерісі	20 мамыр	01 маусым
	Зығыр зәйтүнi	15 мамыр	25 мамыр
	Судан шөбі	15 мамыр	20 мамыр
	Картоп	01 мамыр	15 мамыр
	Күздік бидай	15 тамыз	25 қыркүйек
	Күздік қарабидай	15 тамыз	25 қыркүйек
	Күздік рапс	15 тамыз	25 қыркүйек

БРУЦЕЛЛЕЗДЕН ҚАЛАЙ САҚтануға болады?

Біздің облысымызда адамдармен қатар жануарларда да тіркелетін аса қауіпті аурудың бірі ол бруцеллез. Эпидемиологиялық жағдайы. Адамдардың ауру жұқтыру көзі бруцеллезбен ауырған ауыл шаруашылығы жануарлары болғандықтан, соңғы жылдары біздің облысымыздағы жануарлар арасында бруцеллездің тұрақсыз жағдайының қалыптасуына байланысты халықтың аурушандығы сақталып отыр. Адамдардың аурушандығы жыл сайын орташа алғанда ауданның 4-5 аумағында (Ново-Шұльба, Коростели, Красный Яр, Песчанка, Новопокровка) тіркеледі. Бруцеллезбен ауырғандардың 88-94%-ы ауру жануарлармен байланыста болған ауылдық елді мекендердің тұрғындары болса, қалған 6-12%-ы - қала тұрғындары, бұлар негізінен ауруды көше бойындағы ұйымдаспаған сауда орындарындағы белгісіз тұлғалардан сатып алынған ет, сүт өнімдерін тиісті термикалық өңдеуден өткізбей пайдаланғанда жұқтырған.

- ауырғандардың 70-75%-ы - жұмысқа қабілетті (20-49 жастағы) адамдар. - Көп жағдайда еркектер ауырады, олар ауруды малды бағу, азық беру, төлдеу кезінде және көбінесе жеке бас гигиенасын сақтамағанда жұқтырады. - адамдардың бруцеллезді жұқтыру көзі ұсақ мал - 58% жағдайда, ірі қара мал - 42%-да. - жыл сайын алдын алу мақсатында бруцеллез ауруына тиісті контингентті (малшылар мен олардың отбасы мүшелерін, сақманшыларды, ветеринарлық мамандарды және басқаларын) тексеруден өткізу де бруцеллезбен ауырғандарды анықтауды қамтамасыз етеді (тіркелген ауру адамдардың жалпы санының 1-2%-ы). Бұл өзі қандай ауру? Халықтың ауыл шаруашылығы жануарларын (соның ішінде бруцеллезбен ауырған және оң нәтиже көрсеткен) бағуда санитарлық-гигиеналық ережелерді жетік білмеуі көбінесе бруцеллезді жұқтыруға әкеп соғады. Бруцеллез жұқпалы ауру, оны

ауру тудыратын ұсақ бактериялар (бруцелла) тудырады, соның салдарынан адам ұзақ уақыт еңбекке қабілеттілігін жоғалтады. Адамдар үшін жұқпа көзі тек ауру жануарлар болып табылады. Бруцеллезбен барлық ауыл шаруашылығы жануарлары көбінесе қой-ешкілер, ірі қара мал, шошқалар ауырады. Адамға бруцеллезбен ауыратын қой мен ешкіден жұққанда ауру өте ауыр түрде өтеді.

Ауру малдар әсіресе іш тастағанда, төлдеу, бұзаулау, торайлау кезінде адамдарға қауіпті, өйткені жаңа туған төлдің шаранасы, сүті, малдың зәрі мен қиы арқылы бруцеллезді тудыратын микробтар көп бөлінеді. Осы бөлінділер жұққан топырақта, суда, жемде, сондай-ақ сүт пен сүт өнімдерінде ауру қоздырғыштары ұзақ уақыт сақталады.

Адамдар ауырған малдарды баққанда қажетті сақтық шараларын сақтамаса, малдың қиы мен оның бөлінділерімен ластанған қолдары арқылы, шикі сүті мен сүзбе-ірімшігін пайдаланғанда жұқтырады.

Ауру адамның ыстығы көтеріліп (37,5 С жоғары - 5 күн, кейде одан да артық), жалпы әлсіздік, тез шаршау, бас ауру, ұйқы бұзылу, қалтырап тоңу, тершендік байқалады, буындары қақсап, бұлшық еттері, белі

ауырады (пішіндері өзгереді). Осы белгілер біліне бастасымен дереу медициналық мекемеге барып, уақытында ем алу қажет. Емделмеген жағдайда ауру асқынады, нәтижесінде әйелдермен қатар еркектер де бала сүю қабілетінен айрылуы мүмкін, жүйке, тірек-қимыл және жүрек-қан тамыры жүйелерінің жұмысы бұзылып, ақыры мүгедектікке әкеліп соғады.

Бруцеллез сирек жағдайда ғана өлімге душар етеді. Тіпті антибиотиктер пайда болғанға дейін өлім екі пайыздан артпаған. Бірақ бруцеллез жиі мүгедектікпен аяқталады: әсіресе уақытында емделмеген кезде 37-80% жағдайда созылмалы түріне көшеді. Сондықтан, жоғарыда аталған белгілер байқалған жағдайда міндетті түрде тұрғылықты орны бойынша тиісті тексеруден өтіп, ем қабылдау керек.

Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде дегендей бруцеллездің алдын алудың негізгі қағидалары: 1. Малды қарағанда резінке етіктер, қолғаптар, арнайы халаттар киіп, алжапқыштар, бас орамалдар тағу қажет, оларды басқа киімдерден бөлек жуып, залалсыздандырады, жұмыстар біткеннен кейін қолды мұқият жуу керек.

2. Мал қораны малдың қи тезегінен тазалау қажет, өйткені бруцеллез

Құрметті Бородулиха ауданының тұрғындары!
Аудандық Шығармашылық үйі сіздерді

Балалар шығармашылығының 2015 жылғы «Айналайын» фестивалінің жартылай финалын тамашалауға шақырады, Фестивальға Бородулиха ауданының барлық мектептерінен талантты оқушылар қатысады.

Күні/Уақыты: 7 мамыр, сағат 11:00
Өтетін орны: Аудандық Мәдениет үйі

Шығармашылық үйі ұжымы

МЕМЛЕКЕТТІК БАЗАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМІН ТАҒАЙЫНДАУ

Қазіргі таңдағы қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі болып отырған зейнетақы мәселесі.

Осы тарапта мемлекет зейнетақы төлемін тағайындауды құжаттандыру үшін мекеме табалдырықтарын тоздырмай, ұзын - сонар кезекте тұрмай «бір терезеден» өз жұмысын жеңілдетудің жолын қарастырып отыр. Осы арада еңбегінің жемісін көріп, зейнеткерлікке шығатын азаматтар үшін арналған келесі қызметіміз «Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау»

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындауды алуды «электрондық үкімет» арқылы құжаттандыруға болады. Бұл қызмет аз уақытты алады. Сонымен қатар, ЗТМО және «электрондық үкімет» арқылы ғана емес ХҚКО арқылы құжаттандыруға болатынын хабардар етеміз.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 8 жұмыс күн, порталда – 30 минуттан артық емес, құжаттар толық болмаған жағдайда ғана қызмет көрсетуден бас тартылады.

Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Ол үшін қызмет алушы келесі құжаттар тізбесімен келіп, нысан бойынша өтініш толтыруы қажет:

*жеке басын куәландыратын құжат (жеке куәлік, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты), сондай-ақ оралмандар үшін – оралман куәлігі;

*қызметті алушының тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы не ауыл әкімдерінің анықтамасы,

Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін Ресей Федерациясы Байқоңыр қаласының тұрғын үй шаруашылығының азаматтарды есепке алу және тіркеу бөлімінің анықтамасы);

*зейнетақылар және жәрдемақылар беру жөніндегі уәкілетті ұйымның банк шотының не түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шотының нөмірі туралы мәліметтер;

*қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленген жағдайда қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленгенін растайтын құжат;

*өтінішті және қажетті құжаттарды үшінші адамдар берген жағдайда – сенімхат.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

ХҚКО сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда үзіліссіз жұмыс істейді.

Жоғарыда айтып өткендей қызмет алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, анықтаманы www.egov.kz порталы арқылы электронды нысанда алу мүмкіндігі де бар.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі сұрақтарыңыз болса жергілікті жердегі Халыққа қызмет көрсету орталықтарынан немесе бірыңғай байланыс орталығы: 1414 телефоны арқылы тегін анықтама ала аласыз.

ШҚО бойынша ХҚКО РМК филиалының Бородулиха бөлімі

қоздырғышы жарты жыл көлемінде сақталады, міндетті түрде Қазақстан Республикасында рұқсат етілген құралдармен профилактикалық дезинфекция жасау керек.

3. Мал іш тастаса немесе ауру мал анықталса ошақтағы барлық іс-шаралар ветеринария саласындағы қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес ветеринарлық қызмет маманының бақылауымен жүргізіледі.

4. Көшеден сүт, кілегей, кәуап, ет сатып алмаған жөн, себебі бұл өнімдерді базарлардан алуға болады, онда олар арнайы ветеринарлық бақылаудан өтеді.

5. Тамаққа пайдаланылатын ет, сүт өнімдерін міндетті түрде жеткілікті термикалық өңдеуден өткізу қажет (сүтті – қайнатқаннан кейін, етті – бөлшектеп, 3 сағат асқаннан кейін (етті бөлгенде қолғап кию керек)).

Құрметті аудан тұрғындары! Бұл қарапайым ережелерді қатаң сақтаған жағдайда ғана, Сіз бруцеллез індетінен өзіңізді және өз отбасыңызды сақтай аласыз.

М. АСАВБАЕВА,
«ҚР ҰЗМ ҚҚ Комитеті ШҚО ТҚҚ Департаменті Бородулиха аудандық ТҚҚ басқармасы» РММ басшысының м.а.

«Аудан тынысы» - «Пұльс района» ЖШС басқарушы органы «ШҚО ішкі саясат басқармасы» ММ болып табылады

Директор-бас редактор
Екатерина БОЙЧЕНКО

Директор-бас редактордың орынбасары,
Мейрамгүл АТАЕВА

E-mail: borodulihapuls@mail.ru

Газет аптасына 2 рет шығады. Жарияланған материалдардағы деректердің дәлдігі үшін автор жауап береді. Басылған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін. Хаттар мен колжазбалар қайтарылмайды. Жарнама мен хабарламаның дәлдігі үшін редакция жауап бермейді.

Редакцияның мекен-жайы: 070400, ШҚО Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік к. N 69
Тел./факс 8(72351) 2 16 60 ТАП: 5804
Таралымы 3080 оның ішінде «Аудан тынысы»580

Газет “Шығыс-Ақпарат” ЖШС - нің баспаханасында басылады. Өскемен қ., Космическая 6/3
Көлемі 2 баспа табақ